БЕКІТЕМІН
«Абзал» бөбекжай-бақшасы
ЖШС «Абзал» филиалы
меңгерушісі
[illegible]либекова Ж О

**«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Бөбекжай-бақша жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.
**Мақсаты:** Әр педагогтың педагогикалық қызметін қалыптастыру мен дамыту жүйесінде және бөбекжайдың жылдық мақсаттары мен міндеттерін шешуге тиімді жағдай жасау.

| № | Қаралатын мәселелер | Өткізу формасы | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| **Қыркүйек №1**<br>**Тақырыбы:** Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.<br>**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел | | | | |
| 1. | Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:<br>- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;<br>- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;<br>- портфолио жинақтау;<br>- шығармашылық жобалар дайындау, бекіту. | | 05.09.2023 ж | Әдіскер |
| 2. | Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту | | 05.09.2023 ж | Меңгеруші |
| 3. | Өзара іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. | | Ай барысында | Әдіскер |
| **Қараша №2** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тақырыбы:** Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары **Жүргізілу түрі:** конференция | | | |
| 1. | №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 15.11.2023 ж | Әдіскер |
| 2. | Барлық топтардың тәрбиешілерінің жұмыс нәтижелері. | Ай барысында | Әдіскер |
| 3. | Заттық кеңістіктік дамытушы орталарды ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту | Ай барысында | Тәрбиешілер |
| **Қантар №3**<br>**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Педагог қызметкерлерді аттестауға дайындау. **Жүргізілу түрі:** Презентация | | | |
| 1. | №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 10.01.2024 ж | Әдіскер |
| 2. | Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану | Ай барысында | Тәрбиешілер |
| 3. | Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі | 10.01.2024ж | Әдіскер |
| **Наурыз №4**<br>**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі. **Жүргізілу түрі:** пікірталас | | | |
| 1. | №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 13.03.2024ж | Әдіскер |
| 2 | Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі | 13.03.2024ж | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 3. | Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес | Ай барысында | Әдіскер |
| **Мамыр №5**<br>**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Жылдық оқыту мен тәрбиелеу жұмысының қорытындысы **Жүргізілу түрі:** Пікірталас | | | |
| 1. | №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы | 28.05.2024ж | Әдіскер |
| 2. | Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау, педагогтерді марапаттау | 28.05.2024 ж | Әдіскер |
| 3. | Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер | 28.05.2024 ж | Әдіскер, тәрбиешілер |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тақырыбы:** Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары **Жүргізілу түрі:** конференция | | | |
| 1. | №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 15.11.2023 ж | Әдіскер |
| 2. | Барлық топтардың тәрбиешілерінің жұмыс нәтижелері. | Ай барысында | Әдіскер |
| 3. | Заттық кеңістіктік дамытушы орталарды ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту | Ай барысында | Тәрбиешілер |
| **Қаңтар №3** **Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Педагог қызметкерлерді аттестауға дайындау. **Жүргізілу түрі:** Презентация | | | |
| 1. | №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 10.01.2024 ж | Әдіскер |
| 2. | Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану | Ай барысында | Тәрбиешілер |
| 3. | Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі | 10.01.2024ж | Әдіскер |
| **Наурыз №4** **Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі. **Жүргізілу түрі:** пікірталас | | | |
| 1. | №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | 13.03.2024ж | Әдіскер |
| 2 | Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі | 13.03.2024ж | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 3. | Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес | Ай барысында | Әдіскер |
| **Мамыр №5** **Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Жылдық оқыту мен тәрбиелеу жұмысының қорытындысы **Жүргізілу түрі:** Пікірталас | | | |
| 1. | №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы | 28.05.2024ж | Әдіскер |
| 2. | Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау, педагогтерді марапаттау | 28.05.2024 ж | Әдіскер |
| 3. | Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер | 28.05.2024 ж | Әдіскер, тәрбиешілер |

Сканировано с CamScanner

**"Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№1 хаттамасы**

02.09.2023 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А

**Тақырыбы::** *«Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру»*

**Өтілу түрі:** дөңгелек үстел.

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

(Әдіскер: Токкулова Г Н)

2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

(Меңгеруші: Менлибекова Ж О)

3. Өзара іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

(Әдіскер: Токкулова Г Н)

Сканировано с CamScanner

**ТЫҢДАЛДЫ:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Токкулова Г Н сөз алды. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

**СӨЙЛЕДІ:** Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту керек деді. Нормативтік құжаттарды пайдалана отырып жұмысты тиімді жоспарлап, құжаттарды талапқа сай толтыру заман талабы. Баланың білім-білік дағдыларын жас ерекшелігіне сай игеріп шығуы үшін апталық циклограмманы тиімді жоспарлаған жөн. Әр педагог шығармашылық ізденісте жүріп, кәсіби дамуы керек, тіпті, портфолио жинақтау үшін де әр педагогтың шығармашылық жетістігі қажет. Педагог өзінің кәсіби өсуі үшін, заманауи педагог болуы үшін көп ізденуге тиіс. Таңдалған шығармашылық тақырыптар бойынша деректерді жинақтап, жобалар әзірлеп, өз тәжірибелерін қала, облыс, республика көлемінде тарату қажет.

Кеңестегі келесі мәселеге бөбекжай-бақша меңгерушісі Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.
**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай-бақша педагогтеріне жыл барысында бекітілетін жоспарға сәйкес әдістемелік кеңес көрсетіледі. Бекітуге әзірлеген жоспарды таныстыра кетейін. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары, Педагог қызметкерлерді аттестауға дайындау, Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі, Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес беру секілді көмектер беріледі.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Токкулова Г Н сөз алды.

Сканировано с CamScanner

**ТЫҢДАЛДЫ:** Өзара іс-әрекеттерге катысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

**СӨЙЛЕДІ:**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту процесін тиімді ұйымдастыру, білім-білік дағдылары бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру, балаларды зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамытуда инновациялық технологияларды енгізу, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың денсаулығын нығайту мен сақтауды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау міндеті тұр.Инновациялық орталықтарда негізделген заттық-дамытушы орталар құрылып, оның қолжетімділігі және қауіпсіздігі ескеріліп, балалардың жан-жақты дамуына толыққанды жағдай жасалып, орталық педагогтері кіріктірілген оқу қызметінде озық технологияларды енгізудің тиімділігін көрсететін тәжірибе тарату семинарлары, ашық есік күні, шебер-класс ұйымдастырып, облыс көлемінде іс-тәжірибелерімен үнемі бөлісу қажет. Сонымен қатар, өзара іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу педагогті шыңдайтын бірден бір фактор, себебі, ұсыныстар үстінде жұмыс жасау, оны дұрыс қабылдау әр педагогтің міндеті.

**Кеңестің шешімі:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырылсын.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Өзара іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу жалғасын тапсын.

**Кеңес төрағасы меңгеруші:** **Токкулова Г Н**

**Хатшы:** **Халикова А А**

Сканировано с CamScanner

**Бұйрық** **Приказ**

2023 жылғы 02 қыркүйек №26-н/к

Шымкент қаласы город Шымкент

**Әдістемелік кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21-желтоқсандағы № 644 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы әдістемелік кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын.
   1)Әдістемелік кеңесінің төрағасы- бөбекжай-бақша меңгеруші Менлибекова Ж О.;
   2) Токкулова Г Н-әдіскер;
   3) Арипбекова Г У.-кәсіподақ төрағасы;
   4) Халикова А-тәрбиеші;
   5) Малдыбаева Д И-тәрбиеші.

   Хатшы: Малдыбаева Д И.-тәрбиеші.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы меңгерушісі Менлибекова Ж О

Бұйрықпен таныстым 02.09.23. ______________________________

(мерзімі ) (қолы) ( қолтаңбаның толық мәні)

Сканировано с CamScanner

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2007 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 644 бұйрығымен бекітілген

**Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарында әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі (бұдан әрі-Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабы 9-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Ереже білім беру ұйымдарында басқарудың алқалы органдары болып табылатын әдістемелік ғылыми кеңестің мүшелерін сайлау тәртібін қамтитын әдістемелік кеңес (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) (бұдан әрі - Кеңес) қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

3. Кеңес өз қызметінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын, білім беру ұйымның жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Кеңестің негізгі міндеттері

4. Кеңестің негізгі міндеттері:
1) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
2) білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
3) білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
4) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
5) біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
6) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу үдерісін әдістемелік әзірлемелердің нәтижесін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
7) білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
8) білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Сканировано с CamScanner

9) оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (түрлері және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру;

10) педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;

11) білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

12) білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

**3. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары**

5. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;

2) құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;

3) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;

4) білім беру ұйымдарда оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

5) білім беру ұйымдарда әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;

7) өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;

8) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;

жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;

9) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;

10) пререквизит және постреквизиттерді бекіту;

11) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;

12) білім алушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;

13) білім алушылардың өздік жұмысын және оқытушының қолдауымен өткізілетін өздік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;

Сканировано с CamScanner

14) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

**4. Кеңестің сайлау және жұмыс тәртібі**

6. Кеңестің құрамына кафедра өкілдері, оқытушылар, оқу-әдістемелік ұйымдардың басшылары, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау, білім беруді ақпараттандыру жөніндегі құрылымдық бөлімшелер басшылары кіреді. Кеңестің құрамы білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Кеңесті оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшының орынбасары - Төраға басқарады.

8. Кеңес мүшелерінен ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.

9. Кеңестің жұмысы әдістемелік кеңестің отырысында қабылданған және білім беру ұйымның бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Кеңестің отырысы төрт айда бір рет өткізіледі.

11. Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

12. Егер әдістемелік кеңестің отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.

13. Кеңестің төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы білім беру ұйымдарының педагогикалық, ғылыми кеңесінің алдында есеп береді.

14. Әдістемелік кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

Сканировано с CamScanner

**«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№2 хаттамасы**

15.11.2023 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А А

**Тақырыбы:** Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары.

**Жүргізілу түрі:** конференция.

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. (Әдіскер: Токкулова Г Н)
2. Барлық топтардың тәрбиешілерінің жұмыс нәтижелері. (Әдіскер: Токкулова Г Н)
3. Заттық кеңістіктік дамытушы орталарды ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту. (Тәрбиешілер)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**СӨЙЛЕДІ:** №1 әдістемелік кеңесте бекітілген жоспарға сәйкес педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;

- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;

- портфолио жинақтау бойынша барлық талаптар орындалып жатыр. Педагогтер номенклатура бойынша құжаттарды талапқа сай жүргізуде. Перспективалық жоспарға сәйкес апталық циклограмма жазылып, баланың жас ерекшелігіне сай міндеттер қойылып, тиісті білім-білік дағдыларына ие болуда.

Сканировано с CamScanner

Педагогтер өзара тәжірибе алмасу максатында, өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге сәйкес бір-бірінің жұмыс барысын талдап, колдау көрсетуде.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бакшаның әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Барлық топтардың тәрбиешілерінің жұмыс нәтижелері.

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай-бакшадағы 5 тәрбиешінің жұмыс нәтижелері канағаттанарлык. Тәрбиешілер барлық режимдік сәттерді сактай отырып жұмыс жүргізуде. Күнделікті тәрбиешілердің күні бойғы іс-әрекеттерін бакылау барысында, таңертең баланы кабылдап алғаннан бастап үйге кайтканга дейінгі аралыкта балаларды физикалык, коммуникативтік, танымдык, шығармашылык, әлеуметтік-эмоционалдык тұргыдан жан-жакты дамытып жатканы аныкталды. Алайда, жұмыс барысында көбірек ізденіп, инновациялык технологияларды, АКТ құралдарын үнемі пайдалану керектігін ескертемін. Себебі, заман талабы солай.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеге бөбекжай-бақшаның тәрбиешілері сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Заттық кеңістіктік дамытушы орталарды ұйымдастыру аркылы тәрбиеленушілерді дамыту.

- **СӨЙЛЕДІ:**заттық-дамытушы ортаны қажетті құраммен толтыру және құрастыру;
- баланың жекелік қасиеттерін, кабілеттерін, өз бетінділігін және шығармашылығын калыптастыруда заттық-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау бұл қазіргі заман талабы.Тек осы максат-міндеттер орындалған кезде ғана, мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге деген мүмкіндік артады. Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі — заттық кеңістікті дамытушы орта. Орта — баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

- аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;
- белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- тұрақтылық-ұтқырлық;
- жинақылық пен оңтайлылық;
- ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдеттен тыс элементтерді үйлестіру;

Сканировано с CamScanner

- ашықтық-жабықтық;
- балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Мектеп жасына дейінгі балаға заттық-дамытушы орта не үшін қажет?

Баланың жеке дамуындағы кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет бала белсенділігін, қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашылық бейімделуге ынтасын қалыптастырады.

Ал, заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет?

Мектепке дейінгі жастағы баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі және мақсатқа бағытталған белсенді іс-әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеуге ықпал етеді.

Дамыту ортасын ұйымдастырып жасақтаудың бала дамуындағы маңызды рөлін басшылыққа ала отырып ұйымдастырылады және онда бала өзін еркін сезіне алуына, денсаулығына нұқсан келтірілмеуіне, дүниетанымын кеңейтуге қолайлы жағдай туғызуға аса көп мән беріледі. Ұйымдасты-рылған дамытушы орта ыңғайлы болуы керек және баланың айнала қоршаған әлеммен байланысын айқындатуына септігін тигізу керек.

Мектепке дейінгі мекемелердегі заттық ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты болады. Егер заттық-дамытушы ортаны қозғалмалы етіп ұйымдастырса, баланың қалауын, тілегін есепке ала отырып, оның орындарын ауыстырып отыруға болады.

Заттық-дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігін айта кететін болсам, оның сан алуандығы. Кіші сәбилер тобынан басталатын заттық-дамытушы орта ересек топқа дейін толықтырылып отырады. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленіп жатқан балалардың жас ерекшелігімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке ала отыру керек. Себебі, әр балаға жеке тұлға деп қарайтын болсақ, әр баланың мінез-құлықтары әртүрлі болғандықтан, әртүрлі шығармашылыққа бейім болатыны анық.

Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда тәрбиеші осы ортаның міндетті талаптарына сүйене отырып жұмыс жасауы қажет. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық моделі қағидасын есте ұстауы керек.

Мектепке дейінгі мекемелердің топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы, жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі, ойыншықтардың алуан түрлілігі баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбиешілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтай білуі керек деп ойлаймын.

Сканировано с CamScanner

**Кеңестің шешімі:**

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы канағаттанарлық деп танылсын.
2. Барлық топтардың тәрбиешілерінің жұмыс   нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Заттық кеңістіктік дамытушы  орталарды ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту жалғасын тапсын.

**Кеңес төрағасы меңгеруші:** **Токкулова Г Н**

**Хатшы:** **Халикова А А**

Сканировано с CamScanner

**«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№3 хаттамасы**

10.01.2024 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А А

**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Педагог қызметкерлерді аттестауға дайындау.

**Жүргізілу түрі:** Презентация

**Күн тәртібінде:**

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.(Әдіскер:Токкулова Г Н)
2. Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану (Тәрбиешілер
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі (Әдіскер:Токкулова Г Н)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге бөбекжай-бақшаның әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** №2 әдістемелік кеңестегі шешімнің орындалып жатыр.Нақтырақ айтатын болсам, топтардың барлығы іс-әрекеттерде инновациялық технологияларды, АКТ құралдарын кеңінен қолданып тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту үстінде. Сонымен қатар, заттық кеңістіктік дамытушы орталарды да жаңа ресурстармен толықтырып, тәрбиеленушілердің бес бағыт бойынша қызығушылықтарын оятып, мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта арқылы баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызда рөл атқаруда. Себебі, дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін сыйлап, бөбекжай-бақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген ынтасын қалыптастыруда, жаңа әсерлер мен білімдермен байытуда, шығармашылыққа деген белсенділігін арттырып, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамыуына мүмкіндік беру үстінде жұмыс жасауда.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеге бөбекжай-бақшаның тәрбиешілері Дүйсенова Қ Е сөз алды.

Сканировано с CamScanner

**«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№3 хаттамасы**

10.01.2024 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А А

**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Педагог қызметкерлерді аттестауға дайындау.

**Жүргізілу түрі:** Презентация

**Күн тәртібінде:**

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.(Әдіскер:Токкулова Г Н)
2. Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану (Тәрбиешілер
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі (Әдіскер:Токкулова Г Н)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге бөбекжай-бақшаның әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** №2 әдістемелік кеңестегі шешімнің орындалып жатыр.Нақтырақ айтатын болсам, топтардың барлығы іс-әрекеттерде инновациялық технологияларды, АКТ құралдарын кеңінен қолданып тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту үстінде. Сонымен қатар, заттық кеңістіктік дамытушы орталарды да жаңа ресурстармен толықтырып, тәрбиеленушілердің бес бағыт бойынша қызығушылықтарын оятып, мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта арқылы баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызда рөл атқаруда. Себебі, дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін сыйлап, бөбекжай-бақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген ынтасын қалыптастыруда, жаңа әсерлер мен білімдермен байытуда, шығармашылыққа деген белсенділігін арттырып, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамыуына мүмкіндік беру үстінде жұмыс жасауда.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеге бөбекжай-бақшаның тәрбиешілері Дүйсенова Қ Е сөз алды.

Сканировано с CamScanner

**ТЫҢДАЛДЫ:** Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану

**СӨЙЛЕДІ:** ТРИЗ - Бұл технология әр түрлі интелектуалды тапсырмалардан, қызықты жаттығулардан тұрады. Және тұлғаны қалыптастыруда ең тиімді құрал болып табылады.

ТРИЗ - техника, ғылым, өнер, жарнама, педагогика саласында тәжірбиеден өткен шығармашылық технологиясы.

ТРИЗ – әр жастағы адамдар, әртүрлі мамандық иелеріне түсінікті білімдер жүйесі.

ТРИЗ-технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді.

ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы.

ТРИЗ-дің мақсаты-тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін-өзі тануға,қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

1946 жылы Г.С Альтшуллер шығармашылық әдісі бойынша жұмысын бастады. ТРИЗ атауы кейінірек 70жылы пайда болады. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Шығармашылық мүмкіндіктердің көріне бастауының себебі - балалық кездегі елестету деңгейінің жоғарлығымен, балалардың ойлауын танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі.
Шығармашылық- бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.
ТРИЗ құрылу ережесі
Аталған жұмысты кезеңмен жүргізуге болады:
1- кезеңнің міндеттері . Құбылыстар мен заттар арасындағы қайшылықтарды табуға және шешуге, жүйелі ойлауды дамыту, яғни айналасындағы барлық компоненттердің өзара байланысын көре білуге үйрету.
2- кезеңнің міндеттері. Балаларға заттардың жаңа қасиеттері мен сапасын зерттеуге үйрету: жаңа ойыншық, ерекше көйлек, сыйлық және т.б.
3- кезеңнің міндеттері. Ертегі тапсырмаларды шешіп және жаңа ертегілер ойлап шығару.

Сканировано с CamScanner

4- кезеңнің міндеттері. Балаларды әртүрлі қиын жағдайдан шығуға үйрету. Берілген тапсырмалар сіз үшін дайындалған жадынамалардан табылатын ойын барысында, ойын жаттығуларда шешіледі. ТРИЗ технологиясының әдіс-тәсілдері

" Миға шабуыл" әдісі

" Қателік және сынау" әдісі

" Эмпатия " әдісі

"Тірі және өлі нысандарды салыстыру әдісі

" Қарама-қайшылық" әдісі

"Фантастикалық ұқсастық" әдісі

Тікелей ұқсастық" әдісі

Мақсаты:

- Қызығушылықты белсендендіру,
- Білімді жүйелеу,
- Салыстырмалалық түсінігін қалыптастыру.

( Жаңбыр: неге жақсы , неге жаман?)

1. Ертегі мазмұнын өзгерту

Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны

Мақсаты:Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. - Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актинді орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.

«Киімді сипаттау» ойыны

Мақсаты: қиялын, ойлауын дамыту, өзі салған бейне желісін тауып сипаттауға үйрету.

А) Көйлектің түсі жасыл

Ә) Көйлек матадан тігілген

Б) Көйлек киім

В) Көйлекті әже, ана, қыз киеді

Г) Көйлекті қолмен ұстауға болады.

**Нәтижесінде :**

ТРИЗ балалардың елестету және ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Сканировано с CamScanner

ТРИЗ балаларға білімді қызықты және тартымды түрде жеткізуге, мықты меңгеруге және жүйелендіруге көмектеседі.
ТРИЗ балалар мен педагогты ойлануға, шығармашылықты көрсетуге ынталандырады.

Қорыта айтқанда, заманымыздың болашағы – жас ұрпақтың ой – өрісін жоғарлату, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік, таным және денсаулық құзіреттіліктерін арттыру, тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының негізгі түсініктерімен таныстыру, проблемалық жағдайдан шығу жолын іздеуде алған білімдерін қолдануға үйрету, әрбір тәрбиешінің міндеті деп ойлаймын.

Келесі мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай-бақшада биылғы оқу жылында педагогтер өзінің біліктілік санатын көтереді. Өтініш берген педагогтер ен алдымен ПББ тестін тапсырып, шекті балды жинаған соң портфолио жинақтайды. Портфолионы жинақтау үшін педагог өзінің соңғы бес жылда жинаған жетістіктерін және ұйымдастырылған іс-әрекетердің бақылау парақтарын, ЭССЕ, т.с.с. керекті құжаттарды жинақтауы керек болады.

**Кеңестің шешімі:**

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Шығармашылық іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын пайдалану жалғасын тапсын.
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі қанағаттанарлық деп табылсын.

**Кеңес төрағасы меңгеруші:** **Токкулова Г Н**

**Хатшы:** **Халикова А А**

Сканировано с CamScanner

**«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№4 хаттамасы**

19.03.2024 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А А

**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі.

**Жүргізілу түрі:** пікірталас

**Күн тәртібінде:**

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы (Әдіскер: Токкулова Г Н)
2. Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі (әдіскер, тәрбиешілер)
3. Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес (Әдіскер:Токкулова Г Н)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** №3 әдістемелік кеңестің шешімі жоспарға сай орындалуда. Топтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ТРИЗ технологиясын кеңінен пайдалануда және де жас ерекшеліктеріне сай қолданып жатыр. Атап айтатын болсам, ТРИЗ технологиясы арқылы балалардың елестету және ойлау қабілеттерін жетілдіруде,
балаларға білімді қызықты және тартымды түрде жеткізіп жатыр.ТРИЗ арқылы балалар мен педагог ойлана отырып, шығармашылықтарын дамытуда.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша тәрбиешілер пікірталас жүргізді.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі

**СӨЙЛЕДІ:**<u>Сұрақ</u>:бөбекжай-бақшада ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты қандай?

<u>Педагогтердің жауаптары</u>:тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық ойын технологиясын пайдалана отырып жан-жақты, білімді тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі - жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі бөбекжай-бақшадан басталады. Бөбекжай-бақша Балаға жан-жақты білімді, тәрбиені, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. Тәрбиенің нәтижесі отбасымен бөбекжай-бақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологиялар арқылы оқытудың маңызы қандай?

<u>Жауап:</u> Бөбекжай-бақшада инновациялық ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілді пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпалын тигізеді. Мектепке дейінгі білім беру стандартына сүйене отырып әр баланың жас ерекшеліктеріне сай ойын технологиясын ұйымдастыруға мүміндік береді.

Бөбекжай-бақшада ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты не деп ойлайсыз?

<u>Жауап:</u> тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық ойын технологиясын пайдалана отырып жан-жақты, білімді тұлға тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс – әрекетте АКТ арқылы ойын түрлерін қолданудың тиімділігі балалардың зерттеушілік қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін, дағдылары мен таланттарын дамытуға, слайд – шоулар мен бейнефильмдер, гүлдің өсуі, толқынның қозғалысы, жаңбырдың жаууы сияқты мезеттерді көруіне мүмкіндік береді. Материалды көп мөлшерде жүктемей, қозғалысымен, дауысымен және мультипликациясымен балалардың назарын өзіне аударады.

Қазіргі білім беру үдерісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Осы міндеттердің бірі – білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Ақпараттық технологияның қолданудың басты мақсаты ойын арқылы білім беру мазмұнын толықтырып, жаңа бағытта, жаңаша көз қараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, ұйымдастырылған іс-әрекетті жаңа бағытта ойын әрекетімен ұйымдастыру.

Күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде балалар әр түрлі интерактивті танымдық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы АКТ құралдарымен жұмыс жасауға дағдыланып машықтанады. Себебі, қазіргі заман балалары гипер белсенді, ерекше қабілетті, бір мезгілде олар бірнеше іс-әрекет түрлерімен айналыса алады, қабылдауы тез, қоршаған ортаға тез бейімделіп, еркін еніп кетеді, арнайы оқытпай ақ бірнеше тілде де сөйлей алады, дарынды, шығармашыл, шапшаң қимылдайды, жоғары қабілетке ие. Оның себебі, педагог, психолог, физиолог ғалымдардың зерттеуінше қоғамның ақпараттық технологиялар заманында өмір сүруі. Яғни адам өміріне ақпараттық технологиялар жүйесінің көптеген толассыз ағымының әсер етуі. Қазіргі заман балаларының осындай табиғаттан берілген ерекше әлеуетін толық пайдалана отырып, қоғамдық өмірге жан-жақты бейімдеп, мектепте оқуға даярлаудың маңызы зор.

Сканировано с CamScanner

Қорыта айтканда, АКТ-н колдану аркылы негізгі тапсырманы білулі жеңілдетіп, тәрбиеші мен бала арасында тығыз байланыс орнайды, тәрбиеші өзінің көздеген максатына жетеді, баланың акыл ойын дамытуға, ғылыми білімді игеруге, есте сақтау кабілеттерін арттыруға, тұлға болып калыптасуына ыкпалын тигізеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге бөбекжай-бакша әліскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес.

**СӨЙЛЕДІ:**Педагогты аттестаттау портфолиосын құру бойынша жалнама

«ҚҰЖАТТАР» ПОРТФОЛИОСЫ

Құрылымы:

1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәлімет.

2 бөлім. Педагогтың кәсіби жетістігінің нәтижесі.

1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәлімет.

Сыртқы беті:

- фото (5x6),
- тегі, аты, әкесінің аты,
- диплом бойынша мамандығы;
- жұмыс орны, атқаратын қызметі;
- білім беру ұйымындағы еңбек өтілі,
- үкімет наградалары, грамоталар мен алғыс хаттары, кәсіби жетістіктері туралы халықаралық, республикалық және калалық дәрежедегі дипломдары;
- аттестаттау парағы (Ереженің 8 - қосымшасына сәйкес формасы бойынша);
- жеке куәлігінің және құжаттарының көшірмесі;
- білімі туралы диплом көшірмесі;
- ғылыми атағы туралы дипломының көшірмесі;
- еңбек кітапшасының көшірмесі;
- бұрын берілген біліктілік санаты туралы куәлігінің көшірмесі;
- мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы құжаттарының көшірмесі;

Сканировано с CamScanner

- қосымша пән бойынша курстан өткен құжаттарының көшірмесі;
- алған (берілген) біліктілік санаты және оны растауға берілген педагог қызметкерлің өтініші ([illegible] 1-қосымшасына сәйкес түрі бойынша). Ескерту: барлық құжаттардың көшірмесі білім мекемесі басшысының қолы, мөрімен расталады.

2 бөлім. Педагогтың кәсіби жетістіктерінің нәтижесі және оқушыларының білім жетістіктері
Педагогтың кәсіби өсуі мен кәсіби қызметінің қорытындысы бойынша бекітілген, сертификатталған құжаттары (соңғы 5 жыл ішінде):
- үкімет наградалары куәлігінің көшірмесі;
- дипломдар мен грамоталардың көшірмесі;
- алғыс хаттарының көшірмесі;
- сертификаттары мен куәліктерінің көшірмесі;
Оқушылардың білім алудағы жетістіктері арқылы (соңғы 5 жыл ішінде) педагогтың кәсіби қызметін бекітетін нәтижесі, сертификатталған құжаттары:
- дипломдар мен грамоталардың көшірмесі;
- алғыс хаттарының көшірмесі;
- сертификаттары мен куәліктерінің көшірмесі;

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» ПОРТФОЛИОСЫ
Құрылымы:

1 бөлім. Педагогикалық іс-тәжірибесі туралы құжаттары.
2 бөлім. Педагогтың ғылыми-әдістемелік қызметі.
3 бөлім. Кәсіби қызметінің нәтижесін сараптық бағалау.

«Педагогтың шығармашылық» портфолиосының мазмұны
1 бөлім. Педагогикалық іс-тәжірибесі туралы құжаттары.
- Педагогтың кәсіби өсуінің жеке жоспары 3-5 жылға арналған;
- Педагогтың озық іс-тәжірибе материалдарының бір формасын ұсыну: - педагогикалық іс-тәжірибесін сипаттау; ұсыну формасы: эссе, шығармашылық есеп;

Сканировано с CamScanner

- өз тақырыбы бойынша мұғалімнің оқу-әдістемелік құралы ( авторлық бағдарлама, дидактикалық материалдар жинағы, әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері т.б.);
- жаңа мазмұнға сай педагогикалық технологияларды пайдаланылған сабақ үлгілері мен өзін-өзі талдаулары. (5-тен көп емес);
- пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың үлгілері мен өзін-өзі талдаулары. (3-тен көп емес);

2 бөлім. Педагогтың ғылыми-әдістемелік қызметі.
- Педагогикалық оқуларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарларға, шығармашылық конкурстарға қатысқандығын дәлелдейтін материалдары, баяндамалары, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінің тезистері және бағдарламалары және тағы басқалар; әдістемелік кеңестің,
- әдістемелік бірлестіктің, шығармашылық топтың отырыстарындағы баяндамалары, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінің тезисі;
- бұқаралық ақпарат құралдарында, ағымдағы баспасөздерде жарияланған ғылыми-әдістемелік материалдары;
- тәжірибелік қызметтерге қатысқандығы туралы бұйрықтың көшірмесі;
- оқу-әдістемелік кешендердің, оқу бағдарламасының сараптама жұмыстарына қатысқандығы туралы қолда бар анықтамалар;

3 бөлім. Кәсіби қызметінің нәтижесін сараптық бағалау.
- Педагогикалық қызметін және оның нәтижелерінің түрлерін, қолданған педагогикалық технологияларын, бағалау құралдарын талдау;
Кері байланыс жұмысының материалдары:
- сабақтан тыс шаралар және ашық сабақтар (5-тен кем емес)
- оқушылардың сұрақ-жауап, сауалнамалары,
- ата-аналардың сұрақ-жауап, сауалнамалары;
- педагогикалық қызмет өнімдеріне сараптамалық пікірлер;
- білім беру ұйымы әкімшілігі растаған оқушылардың соңғы үш жыл ішіндегі оқу жетістіктерінің талдауы:
- сынып журналы негізінде жасалынған пәнінің орташа талдау көрсеткіші;
- соңғы 5 жыл көлемінде пән бойынша жоғары оқу орнына (ЖОО) түскен оқушылардың пайызы, грант бойынша да; оқытатын пәні бойынша сабақтан тыс қызметіндегі нәтижелерінің мониторингі. (5жыл көлемінде)

Сканировано с CamScanner

- Халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық, олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, конференциялардың, фестивальдардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің пайыздық көрсеткіші.

Педагог портфолиосы – педагогтің барлық жұмыстарын бір жүйеге біріктіретін, оның кәсіби қызметінің әр түрлі салаларын байланыстыратын жұмыстарының жиынтығы болып саналады.

**Кеңестің шешімі:**

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Инновациялық технологияларды қолдану жалғасын тапсын.
3. Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес беру қанағаттанарлық деп табылсын.

**Кеңес төрағасы меңгеруші:** **Токклова Г Н**

**Хатшы:** **Халикова А А**

Сканировано с CamScanner

**«Абзал» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Абзал» филиалы**
**әдістемелік кеңес жиналысының**
**№5 хаттамасы**

30.05.2024 ж
Қатысқандар толық педагогтер

Әдістемелік кеңес төрағасы: Токкулова Г Н
Хатшы: Халикова А

**Әдістемелік кеңес тақырыбы:** Жылдық оқыту мен тәрбиелеу жұмысының қорытындысы

**Жүргізілу түрі:** Пікірталас

**Күн тәртібінде:**

1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы (Әдіскер: Токкулова Г)

2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау, педагогтерді марапаттау. (Әдіскер: Токкулова Г Н)

3. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер (әдіскер, тәрбиешілер)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** №4 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы талапқа сай жүргізілуде, атап айтатын болсам, күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде балалар әр түрлі интерактивті танымдық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып, АКТ құралдарымен жұмыс жасау дағдыланып жатыр. Себебі, қазіргі заман балалары гипер белсенді, ерекше қабілетті, бір мезгілде олар бірнеше іс-әрекет түрлерімен айналыса алады, қабылдауы тез, қоршаған ортаға тез бейімделіп, еркін еніп кетеді, арнайы оқытпай ақ бірнеше тілде де сөйлей алады, дарынды, шығармашыл, шапшаң қимылдайды, жоғары қабілетке ие. Оның себебі, педагог, психолог, физиолог ғалымдардың зерттеуінше қоғамның ақпараттық технологиялар заманында өмір сүруі. Яғни адам өміріне ақпараттық технологиялар жүйесінің көптеген толассыз ағымының әсер етуі. Қазіргі заман талабына сай педагогтер

Сканировано с CamScanner

балаларды заманауи тұрғыда дамыта отырып, инновациялық технологияларды толық пайдалана отырып, қоғамдық өмірге жан-жақты бейімдеп, мектепте оқуға даярлау үстінде белсене жұмыс жасап жатыр.

Келесі мәселелеге тағы да бөбекжай-бақша әдіскері Токкулова Г Н сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау, педагогтерді марапаттау

**СӨЙЛЕДІ:**2023-2024 оқу жылындажылдық оқу жоспарына сәйкесжұмыс жүргізілді. Шебер сыныптар, семинарлар, ашық есік күндері, байқаулар, ертеңгіліктер, тәрбие сағаттары, ашық көрсетілімдер, эстафеталық ойындар, қалалық, республикалық байқауларға қатысу сияқты іс-шаралар толық жоспарға сай өткізіліп, міндеттері орындалды. Жыл барысында педагогтердің жасаған еңбектері толықтай бағаланып барлық педагог «Алғыс хаттармен» марапатталды. Себебі, барлық педагог жоспарға сай жұмыс жүргізіп, өздерінің креативті педагог екендерін көрсете алды. Барлық педагогтер жыл барысында біліктілігін арттыру курстарына қатысып өз білімдерін жетілдірді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиешілері сөз алды.

**ТЫҢДАЛДЫ** Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер.

**СӨЙЛЕДІ:** келесі оқужылына бөбекжай-бақша мынадай мақсат-міндеттерді жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;

4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау;

6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

7) өз тәжірибесінде инновациялық озық технологияларды пайдалан қолдану;

Сканировано с CamScanner

8) озық тәжірибелерді жинақтау және қала, облыс, республика көлемінде тарату.

**Кеңестің шешімі:**

1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттері жүзеге ассын.

**Кеңес төрағасы меңгеруші:** **Токкулова Г Н**

**Хатшы:** **Халикова А А**

Сканировано с CamScanner